

Білімге күштар ұрпақ өсіп келеді

Бүгінгі жастардың талабы бөлек талпынысы жақсы. Олар білімсіз болашақтың бұлдыр болатынын жақсы түсінеді, білмекке талпынады. Елбасымыз айтқан үш тұғырлы тілді барынша қолдап отырған да осы жастар. Біздің университет өмірге аса қажетті техникалық пәндерді ағылшын тілінде оқытуды 2004-2005 оқу жылында-ры сынақ ретінде тәжірибеге енгізді. Өз басым химия пәнін ағылшын тілінде оқытамын. Тілек білгірмен Студенттер мен оқытушыларға университет баспасының тегін курстар ұйымдастырады. Мына университеттің «Тілдерді дамыту орталығы» арқылы үш тілде білім алуға жағдай жасалып келеді. Ағылшын тілінде сабақ беретін оқытушыларға көтермелеу ретінде бір сағаты үш сағатқа теңестірілді. Өйткені, қазақ, орыс тіліндегі материалды ағылшын тіліне тәржімалап, пәнді оқытуға дайындау көп уақытты талап етеді.

Студенттерге де қызықтыру үшін жақсы жағдайлар жасалған. Үздіктері университет тарапынан шетелдегі оқу орындарына жіберіліп, курстан өткізіледі. Сондай-ақ, университетте «Шет тілінде білім берудің сапасын ұйымдастыру және бақылау» бөлімі ашылған. Оның мақсаты ағылшын



тілінде сабақ беретін мұғалімнің деңгейін ұдайы көтеріп отыруына жағдай жасау арқылы біліктілігін қадағалау. Бүгіндергі студенттердің талабымен техникалық пәндер қатарына гуманитарлық сабалар бойынша да оқыту қолға алынып жатыр.

Ұстаздарымыз «Өрлеу» бағдарламасы арқылы шетелдегі үздік бау орындарына біліктілігін арттыруға жіберілсе, студенттер жаздық лагерлерде үш тілді тереңірек меңгеруді

төгеріп өсетін өздерінің тәлімгерлеріне қолдау беріп, үздіктерін қолдай отырып, тілді дамытуға көмектесіп, ана тілін болса, орыс тілін қалықаралық тіл, ағылшын тілінде білім ала отырып, жұмыс істейтін кәсіпкерлер болса да жұмысы қалмайсың. Бүгінгі білім қуған жастар осының бәрін жақсы түсінеді.

Ал, жақсы өмір сүру үшін көп тіл білудің пайдасынан басқа, зияны жоқ.

Айнұр ТҮКІБАЕВА,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты, доцент.

Оңтүстік Қазақстан облысы